Автор: Калдыгожина Алима Сагынаевна
Пән: География
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Физикалық география/Гидросфера
Тақырып: Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.3.4 –мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттайды
Сабақтың мақсаты:	Дүниежүзілік мұхиттың географиялық орнын материктерге қатысты орналасуын жоспар бойынша сипаттай алады; Картаны қолдана отырып, дүниежүзілік мұхиттардағы нысандардың координаталарын анықтай алады;
Тілдік мақсаттар:	Пәндік сөздік қор/ Пәндік лексика мен терминалогия: Мұхит..... Теңіз..... Шығанақ..... Арал..... Бұғаз..... Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Менің ойымшы ..... өзгереді Менің ойынша ..... әсер етеді
Күтілетін нәтиже:	Өзіне және айналадағыларға құрметпен қарау, қоршаған ортаға, суды үнемдеп, қорғауға тәрбиелеу
Бағалау критерийлері:	Егер төмендегі бағалау критерийлерін орындаса, оқушы оқу мақсатына жетеді Дүниежүзілік мұхиттың географиялық орнын материктерге қатысты орналасуын жоспар бойынша сипаттай алса; Картаны қолдана отырып, дүниежүзілік мұхиттардағы нысандардың координаталарын анықтай алса;
Құндылықтарды дарыту:	Құндылықтарды дарыту топтық, жұптық жұмыстарды жүргізу барысында оқушылар бір - біріне құрмет көрсету арқылы жүзеге асырылады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ дағдыларын дамыту өздеріне қажетті ақпараттарды іздеп табуда ғаламторды қолдануда және карталар мен презентация қолдану барысында жүзеге асады.
Пәнаралық байланыс:	Физика пәнімен судың үш түрлі жағдайында байланысыды математика пәнімен есеп шығару барысында байланыс жасайды.
Бастапқы білім:	5-6 сыныптың жаратылыстану пәнінен алған білімдері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5мин)	Ұйымдастыру. Сәлемдесу түгелдеу ынтымақтастық атмосферасын құру «Шаттық шеңбері» арқылы оқушылардың назарын сабаққа жұмылдыру; - әртүрлі сұрақтар арқылы сабақтың мақсатын анықтау; Сабақ мақсатымен, тапсырмалармен және бағалау критерийлерімен танысу	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10мин)	№1 тапсырма. Жеке жұмыс Оқулық мәтінін пайдалана отырып, мұхиттарға жоспар бойынша сипаттама жазады Оқушылар дүние жүзілік мұхиттарға (көлемі, географиялық орны, ерекшелігі, теңіздері, бұғаздары, шығанақтары, қандай құрлықтарды шайып жатқатына, табиғи ресурстарына)сипаттама береді. Жоспар: мұхит аты – географиялық орны– шекарасы - көлемі – ең терең жері – орташа тұздылығы – теңіздері – бұғаздары – шығанақтары – табиғат ресурстары - Дескрипторлар: - Оқушылар кестемен жұмыс жасауда жоспар бойынша дүние жүзілік мұхиттардың географиялық орны, көлемі, тереңдігі, қасиеті, табиғат ресурстары туралы толық мәліметті жазып, мұхиттарды бір-бірімен салыстыра алады Бағалау: оқушыларды дәптерлерін алмастыру арқылы өзара бағалау жүргізуге болады 2 тапсырма. Жұптық жұмыс. Жұмысты орындауға 5 минут, ал бірін –бірі тексеруге 3 минут уақыт беріледі. Оқушылар атлас картаны пайдалана отырып, 4 мұхиттың терең нүктелерінің координатасын анықтайды. Дифференциация: егер оқушы ерте бітіріп қойса, басқа кез келген обьектіні теңіз, шығанақ, бұғаздардың координатасын анықтаңдар деп тапсырма беруге болады. . Бағалау критерийі р/с Дескрипторлар +/ – дүниежүзілік мұхиттардағы нысандардың координаталарын анықтайды. 1 Ең терең нүктелерінің координатасын анықтайды 2 Қосымша нысанның координатасын анықтайды. Бағалау: Жұмысын бітірген жұптың отырған оқушылардың кез келгені дескриптор арқылы бағалайды. Қорытындылауға арналған сұрақтар Әлемде қанша мұхит бар? Дүние жүзілік мұхиттың жалпы көлемі қанша? Дүние жүзілік мұхиттың адам баласы үшін маңызы қандай? Неліктен мұхитты жылу қорының жинаушысы дейді? Мұхит суының орташа темпратурасы қандай? Тереңдікке байланысты мұхит суының температурасы қалай өзгереді? Экватор маңы мен полярлық аймақтағы мұхит суы температурасының айырмашылығы неге байланысты? Жыл мезгілдерінің маусымдық өзгерісінің мұхит суы температурасына қандай әсері бар? Мұхит суы қандай температурада қатады? Мұхиттың орташа тұздылығы қанша?	Дәптер, оқулық, мәтіндер Дәптер Атлас карта, Кескін карта
Сабақтың соңы	Үй тапсырмасы: § 26 оқып келу.	
Рефлексия	Кері байланыс. Менің түсінгенім..... Маған түсінуге қиын болғаны..... Менің ұсынысым.....	
Қосымша	Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы Қабілеті жоғары оқушыларға. Қосымша тапсырмалар беруге болады. Бағалау критерийлері арқылы бағалау; Өзін-өзі бағалау; Өзара топтық бағалау Техникалық қауіпсіздік ережелерін ғаламтормен жұмыс жасағанда тоқ көзін дұрыс қолдануда сақ болу. Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	